

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
2018-2019 оқу жылындағы  
№3 Академиялық комитет кеңесінің  
ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

17 қазан 2018 жыл

Академиялық комитет кеңес мүшелері – 35

Қатысқандар: 33 мүше

Келмегендер: 2

**Күн тәртібі:**

1. Университеттің 2018-2019 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспарын бекіту (*Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова*).

2. Мамандық бойынша жүргізілетін пәндердің негізгі оқулықтарының жағдайы туралы (*Ғылыми кітапхана директоры М. Абсеметова*).

3. Білімгерлердің сабаққа қатысуына мониторинг жүргізу (*Факультет декандары*).

4. Білімгерлерге қосымша мамандық беру туралы (*Факультет декандары*).

5. Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесін толықтырулармен бекіту туралы (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов*).

6. Әр түрлі мәселелер:

6.1. 2018-2019 оқу жылындағы «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшелерінің құрамын бекіту (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов*).

6.2. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне ұсыну (*Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры - Т.Ж.Ниязов*).

6.3. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту (*Эксперттік комиссия төрайымы – М.Р.Жолшибекова*).

6.3.1. «Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының оқытушысы PhD Булешова дайындаған «Научные исследования в здравоохранении» атты оқулық;

6.3.2. «Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының п.ғ.д., Оспанова Б.А., п.ғ.д., Беркимбаев К.М., Ибрагимова Н.Ж., Боранбаева А.Р. дайындаған «Акмеология жеке және әлеуметтік жетістіктер» атты оқу құралын;

6.3.3.«Туризм және журналистика» кафедрасының профессоры ф.ғ.д., С.Садықов дайындаған Журналистика – тағдырым публицистикалық мемуар-романын;

6.3.4.«Физика» кафедрасының доценті Ә.Х.Сарыбаева дайындаған «Механика курсы» атты оқу құралы.

6.3.5.«Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының оқытушылары Булешва М.А., Түктібаева С.А., Омарова Б.А., Булешова А.М. дайындаған «Балалардың жасына қарай аурушандық көрсеткішінің қалыптасуы, қатерлі себептері және оларға амбулаторлық-емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру» атты оқу құралын.

### **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:**

#### **Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**1.1.** Университеттің 2018-2019 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспары факультеттер бойынша қайта қаралып, толықтыруларымен бекітуге ұсынылсын. Соңғы күн – 25.10.2018 ж. (*Жауапты: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталықтың басшысы – М.Р.Жолшибекова, Факультет декандары*).

**1.2.** Университеттің 2018-2019 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспарын бекітуде Филология факультеті, Әлеуметтік ғылымдар факультетіне, Жоғары мектеп деканына 1(бір) апталық мерзім берілсін (*Жауапты: Факультет декандары*).

### **Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:**

#### **Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**2.1.** Факультеттер бойынша оқу үрдісіне қажетті кітаптарды сатып алуға берілген ұсыныстарға қосымша жаңа ашылатын мамандықтарға қатысты кітаптарды еңгізу қадағалансын (*Жауапты: Ғылыми кітапхана директоры М.Абсеметова; Факультет декандары*).

**2.2.** Жексенбі күндері кітапхананың жұмыс жасау кестесі қарастырылсын (*Жауапты: Ғылыми кітапхана директоры М.Абсеметова; Факультет декандары*).

### **Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша:**

#### **Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**3.** Факультеттер бойынша білімгерлердің сабаққа қатысуы қатаң қадағаланып, ай сайын дәріске қатысу мониторинг жасалынып отырылсын (*Жауапты – Факультет декандары*).

**Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша:**

**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

4. Барлық мамандықтың жоғары курс студенттеріне қосымша кәсіби-маман беру мәселесі бойынша факультеттерден ұсыныс берілсін (*Жауапты – Факультет декандары*).

**Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша:**

**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

5. УЕ-ХҚТУ-021-2018 – «Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Ережесін» толықтырулармен бекіту университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын (*Жауапты – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ж.Ниязов*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің бірінші сұрағы бойынша:**

**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

6.1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 18.03.2008ж. №125 «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылындағы «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін Тарих кафедрасының оқытушы-профессор құрамынан мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы мен мүшелері құрамын бекіту Университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын (*Жауапты – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Т.Ж.Ниязов*).

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелердің екінші сұрағы бойынша:**

**Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

6.2. Факультеттерден «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2018» байқауына қатысатын 17 үміткерлер тізімі мен құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне ұсыну үшін Университет Сенат мәжілісінде қарауға ұсынылсын.

Үздік оқытушы-2018 конкурсына қатысатын ОПК тізімі

№	Тегі	Лауазымы	Ғылыми дәрежесі	факультеті
1. Гуманитарлық ғылымдар факультеті				
1	Рахмет Үсенбек Рахметұлы	доцент	педагогика ғылымдарының кандидаты	Гуманитарлық ғылымдар
2	Динашева Лазат Сарсенбековна	доцент	тарих ғылымдарының кандидаты	Гуманитарлық ғылымдар

3	Тастанбеков Мурат Мейрбекович	доцент м.а.	тарих ғылымдарының кандидаты	Гуманитарлық ғылымдар
2.Стоматология факультеті				
4	Жуманазаров Н.А.	доцент	М.ғ.к.,	Стоматология
3.Өнер факультеті				
5	Баймуханбетов Бағдат Мухтарович	доцент	PhD	Өнер
4.Филология факультеті				
6	Уразбаев Қуанышбай	доцент	филология ғылымдарының кандидаты	филология
7	Исаева Жазира Исақызы	қаум. профессор	филология ғылымдарының кандидаты	филология
8	Адиева Пакизат	қаум. профессор	филология ғылымдарының кандидаты	филология
5.Әлеуметтік ғылымдар факультетті				
9	Нұсқабаев Оразбек Нұсқабайұлы	«Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының профессоры	социология ғылымдарының докторы, профессор	Әлеуметтік ғылымдар
10	Ыдырыс Қанат Серікбайұлы	«Халықаралық қатынастар» кафедрасының қауымдастырылғ ан профессор (доцент) міндетін атқарушы, PhD	PhD	Әлеуметтік ғылымдар
6.Жаратылыстану факультетті				
11	Султанов Мурат Абдукадырович	профессор м.а.	Ф.-м.ғ.к.	Жаратылыстану
12	Раманкулов Шерзод Жумадуллаевич	Доцент м.а.	PhD	Жаратылыстану
13	Исаев Ғани Исаевич	доцент м.а.	Техн.ғ.к.	Жаратылыстану
7.Жоғары медициналық білімнен кейіегі білім беру				
14	Елікбаев Галымжан Мамырбекович	профессор	М.ғ.д.	Жоғары медициналық білімнен кейіегі білім беру

8. Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі				
15	Мунасипова Малике Ерехановна	доцент м.а.	Э.ғ.к.	Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі
16	Изатуллаева Бибигуль Султановна	доцент	Э.ғ.к.	Мемлекеттік басқару және экономика жоғары мектебі
17	Мусабеков Қамбар	профессор	Э.ғ.д.,	Экономика жоғары мектебі

**Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер үшінші сұрағы бойынша:  
Академиялық комитет кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**6.3.** Университет оқытушы-профессор құрамының оқулықтары мен оқу құралдарын баспаға ұсыну үшін (өз есебінен шығаруға) университет Сенатының күн тәртібіне енгізуге ұсынылсын:

1.«Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының оқытушысы PhD Булешова дайындаған «Научные исследования в здравоохранении» атты оқу құралын;

2.«Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының п.ғ.д., Оспанова Б.А., п.ғ.д., Беркимбаев К.М., Ибрагимова Н.Ж., Боранбаева А.Р. дайындаған «Акмеология жеке және әлеуметтік жетістіктер» атты оқу құралын;

3.«Туризм және журналистика» кафедрасының профессоры ф.ғ.д., С.Садықов дайындаған Журналистика – тағдырым публицистикалық мемуар-романын;

4.«Физика» кафедрасының доценті Ә.Х.Сарыбаева дайындаған «Механика курсы» атты оқу құралы.

5.«Профилактикалық медицина және стоматологиялық пәндер» кафедрасының оқытушылары Булешва М.А., Түктібаева С.А., Омарова Б.А., Булешова А.М. дайындаған «Балалардың жасына қарай аурушандық көрсеткішінің қалыптасуы, қатерлі себептері және оларға амбулаторлық-емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру» атты оқу құралын.

*Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.*

**Хатшы**

**Ж.И.Исаева**